

«Бекітемін»
«Армантай» бақшасының
менгерушісі
Л.Р.Усенова

Көрсет және қайтала!



Тәрбиеші: Сагындыкова Б.М.

Шымкент 2021-2022

Көрсет және қайтала

Білім беру саласы: Таным. Шығармашылық. Коммуникация.
Денсаулық

Бөлімі: Сенсорика. Мүсіндеу. Сөйлеуді дамыту. Дене шынықтыру

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін, танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Ойын арқылы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамыту. Балалардың эмоциясын әсерлеп, тапсырманы орындату.

Тәрбиеші: Саламатсындар ма, балалар! Бүгін біз «Көрсет және қайтала» атты ашық сабақ өтеміз. Бұл сабақта біз белгілі бір тапсырмаларды орындаймыз. Яғни, сендер менің сұрағанымды көрсетіп, жасағанымды қайталайсындар.

Қане, балалар, шаттық шеңберін құрайық.

Қане, достар, тұрайық,

Шеңберімізді құрайық,

Жаксы-жаксы тілектер

Бір-бірімізге айтайық!-деп бір, бірімізбен құшақтасайық.

Қарандаршы, балалар, бүгін неше түрлі ойыншықтармен ойнаймыз және тәтті жемістер жейміз. (Әр тапсырмалардың жанына дәмді жемістер қойылған). Ал енді тапсырмаларды орындауды бастайық.

Тәрбиеші: Балалар, қарандаршы, қазір мына құрастырғыштарды түстеріне қарай бөліп, мұнаралар құрастырамыз, кейін сол мұнаралардың қайсысы үлкен және қайсысы кіші екенін табамыз.

1-ші тапсырма: Құрастырғыштарды түстеріне қарай бөліп, биіктігі әр түрлі мұнаралар құрастыру.

Тәрбиеші: Жаксы балалар, енді келесі тапсырмаға көшейік. Ал бұл тапсырмада біз пішіндерді ажырата отырып, олардың орындарын тауып, жайғастырамыз.

2-ші тапсырма: Пішіндердің орындарын табу.

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар. Шаршаған боларсындар, олай болса біраз серігіп алайық. Мына жерде қаншама ойыншықтар шашылып жатыр. Қанекей осы шашылып жатқан ойыншықтарды кедергілерден аттап өтіп, орындарына жинастыруымыз керек. Қане балалар, барлығымыз бірігіп, жүгіріп, жылдамдатып жинастырайық.

Сергіту сәті

Тәрбиеші: Дұрыс балалар, сендер жарадыңдар. Кімде кім болса да өзінің ойнаған, шашқан ойыншықтарын ойнап болған соң орындарына жинастырып қою керек. Ал енді, балалар, келесі және соңғы тапсырмамызды орындауға кірісейік. Бұл тапсырмада баумен жұмыс жасаймыз. Сендер менің көрсеткенімдей мына кішкене жануарлар мен жемістерді баумен тігесіндер. Ал, ендеше сендерге сәттілік.

3-ші тапсырма: Майда элементтерді баулау.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар! Тапсырмалардың барлығын жақсы орындап шықтындар. Ашық сабағымызға белсене қатысқандарың үшін сендерге алғыс ретінде сыйлықтарымды қарсы алындар.

Күтілетін нәтиже

Біледі: Құрастырғышпен жұмыс жасауды

Игереді: Пишиндердің орындарын табуды

Меңгереді: Үлкен-кішінің ерекшеліктерін, баумен жұмыс жасауды







